

Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 125 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 маусымда № 5668 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы № 25 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 10.02.2025 № 25 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулысының атауы жаңа редакцияда – Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 14.11.2016 № 304 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлер осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин

Әкімдіктің

2015 жылғы 3 маусымдағы

№ 125 қаулысына қосымша

Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 14.11.2016 № 304 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Өлшемшарттардың атауы	Иеліктен айыру түрлері
	Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы;	

1	<p>заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі;</p> <p>ең жоғары мүмкін баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі;</p> <p>мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.</p>	Сауданы аукцион нысанында өткізу
2	<p>Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі;</p> <p>сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі;</p> <p>ең жоғары баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі;</p> <p>сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы төлемдері бойынша берешектерді өтеу және өзге де шарттар) болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.</p>	Сауданы тендер нысанында өткізу
3	<p>Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.</p>	Тікелей атаулы сату